

ХАТТАМА

“Ақ-бұлақ” облыстық балалар оналту орталығының ішкі талдау отырысы

Өткізілген күні: 05.08. 2025 жыл

Уақыты: : 14:00

Өткізілген орны: “Ақ-бұлақ” облыстық балалар оналту орталығы, кіші мәжіліс залы

Қатысқандар:

- Т.Б. Қыдырәлиев – “Аманат” партиясы Түлкібас филиалының есепке алу және статистика секторының меңгерушісі
- Б. Сарыбаев – Бас бухгалтер
- Т. Байжанов – Заң консультанты
- С. Еркеш – Кадр жөніндегі инспектор

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мекемеде ішкі талдау жүргізу – есептілік пен құқықтық талаптардың сақталуын бақылау.
2. Қызмет көрсету сапасына қатысты мәселелерді қарастыру.
3. Ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар енгізу.

ТАЛҚЫЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

- ☐ Отырысты ашқан бас бухгалтер Б. Сарыбаев ішкі талдаудың мақсаты мен маңыздылығына тоқталды. Жариялылықты қамтамасыз ету және есептілік деңгейін арттырудың қажеттілігі айтылды.
- ☐ Заң консультанты Т. Байжанов мекемедегі нормативтік-құқықтық құжаттардың сақталуы мен орындалуы туралы баяндама жасады. Құқықтық талаптардың толық орындалуы мен кейбір құжаттардағы техникалық кемшіліктер бойынша ұсыныстар енгізілді.
- ☐ Кадр жөніндегі инспектор С. Еркеш кадрлық құжаттамалар мен қызметкерлерді тіркеу бойынша жүргізілген тексеру нәтижелерін баяндады.
- ☐ “Аманат” партиясының өкілі Т.Б. Қыдырәлиев ішкі талдау жұмыстарының жария түрде өтуінің маңыздылығын атап өтіп, қоғамдық бақылау тетіктерінің тиімділігіне тоқталды.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Құқықтық құжаттардағы кемшіліктерді бір апта ішінде түзету.
2. Есептілік формаларын жаңартып, белгіленген мерзімде тапсыруды қатаң бақылауға алу.
3. Қызмет сапасын жақсарту мақсатында ата-аналармен кері байланыс жүйесін дамыту.
4. Ай сайын ішкі талдау отырыстарын тұрақты түрде өткізу.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою шаралары қолға алынсын.
2. Барлық ұсыныстар жауапты бөлімдерге жолдансын және орындалу мерзімі белгіленсін.

Комиссия мүшелері:

 /Б. Сарыбаев/
 /Т. Байжанов/
 /С. Еркеш/